



## Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 70 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2015 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 419 бұйрығын қараңыз.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы 2008 жылғы 9 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 5

қ а ң т а р д а ғ ы

N

7 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

# **Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру ережесі**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) өнімді (бұдан әрі - өнім) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беруді (бұдан әрі - рұқсат) экспорттық бақылау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар және халықаралық ұйымдар (бұдан әрі - өтініш беруші) рұқсат алудың субъектілері болып табылады.

4. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Ережеде белгіленгеннен өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **2. Рұқсат беру тәртібі**

5. Рұқсат 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы бланкіде ресімделеді.

6. Рұқсат алу үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі рұқсат алуға өтініш;
  - 2) заңды тұлға үшін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің\* немесе анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- ескертпе: \* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік

тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

3) жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжат;

4) дара кәсіпкер үшін - өтініш берушінің дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік;

5) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәлік;

6) салыстыра тексеру үшін түпнұсқаны бере отырып, өнімді қайта өңдеуге арналған шарттың (келісімшарттың) көшірмесі;

7) салыстыра тексеру үшін түпнұсқаны бере отырып, «Тауарларды кедендік аумақта/аумақтан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжаттың нысанын және оны беру, оған өзгерістер немесе толықтырулар енгізу, сондай-ақ оны кері қайтарып алу (жою) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 73 қаулысына сәйкес тиісті құзыретті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды аумақтан тыс жерде және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжаттың көшірмесі. Егер қайта өңдеу мақсаты жөндеу болып табылса, көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді;

8) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат алуға арналған құжат туралы мәліметтер нысаны.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.06.2013 № 574 қаулыларымен.**

7. Рұқсат беру үшін уәкілетті органға берілген барлық құжаттар тізілім бойынша қабылданады, оның көшірмесі көрсетілген органның құжаттарды қабылдаған күні туралы белгі соғылып, өтініш берушіге жіберіледі.

8. Рұқсатты осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген құжаттар келіп түскен күнінен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті орган береді.

Уәкілетті орган осы Ережеде белгіленген мерзім ішінде рұқсат береді не бас тарту себептері туралы дәлелді жауап береді.

Егер уәкілетті орган осы Ережеде белгіленген мерзімде өтініш берушіге рұқсат бермеген не рұқсат беруден дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, онда оларды беру мерзімдері өткен күнінен бастап рұқсат берілді деп есептеледі.

Уәкілетті орган рұқсат беру мерзімі өткен сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге тиісті рұқсат береді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9 . Е г е р :

1) өтініш берушілердің осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынған;

2) осы Ережеге сәйкес талап етілетін барлық құжаттар берілмеген. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде өтініш жалпыға бірдей негізде қ а р а л а д ы ;

3) өтініш берушіге қатысты оған жекелеген қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын соттың шешімі заңды күшіне енген;

4) өтініш беруші мәліметтер нысанында дұрыс емес және (немесе) толық емес ақпаратты көрсеткен жағдайларда рұқсат беруден бас тартылады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Егер рұқсат осы Ережеде белгіленген мерзімде берілмесе немесе рұқсат беруден бас тарту өтініш берушіге дәлелсіз болып көрінсе, ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бұл әрекеттерге шағым жасауға құқылы.

11. Рұқсат өтініш берушіге әрбір жекелеген мәміле бойынша екі жылдан а с п а й т ы н к е з е ң г е б е р і л е д і .

Рұқсат келісім-шартқа (шартқа) енгізілген тауарлар атауларының санына қарамастан, он таңбалы кодты көрсете отырып, Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына сәйкес тауардың бір атауына ресімделеді.

12. Рұқсат берілгеннен кейін берілген рұқсат туралы ақпарат мемлекеттік ақпараттық ресурстарда ресімделеді.

Уәкілетті орган рұқсатты куәландыратын уәкілетті адамдар қолтаңбаларының және мөр бедерлерінің үлгілерін кеден органдарының назарына жеткізеді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **3. Рұқсатты есепке алу**

13. Рұқсат бланкілері қатаң есептілік құжаттары болып табылады. Рұқсат бланкілерінің берілуі арнайы журналда есепке алынады.

14. Рұқсаттар тізілімін жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

Өнімді Қазақстан Республикасының  
 аумағынан тыс жерде қайта  
 өңдеуге рұқсат беру ережесіне  
 1-қосымша

Ескерту. Оң жақтағы жоғары бұрышқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан  
 тыс жерде қайта өңдеуге  
 рұқсат**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. РҰҚСАТ №					
2. Өтініш беруші, оның заңды (іс жүзіндегі) мекен-жайы, телефоны					
3. Қайта өңдеуші, оның заңды (іс жүзіндегі) мекен-жайы, телефоны					
4. Баратын елі					
5. Қолданылу мерзімі					
6. Қайта өңдеу сипаты					
7. Кеден органы					
8. Өнімнің атауы және тауардың толық сипаттамасы	9. Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды	10. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды	11. Өлшем бірлігі	12. Саны	13. Жалпы құны (мың)
14. Қайта өңдеу өнімдерінің атауы және тауардың толық сипаттамасы	15. Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды	16. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды	17. Өлшем бірлігі	18. Саны	19. Жалпы құны (мың)
20. Рұқсат сұрау үшін негіз (қайта өңдеу шартының нөмірі және күні)			21. Келісілді		
			23. Уәкілетті орган Т . А . Ә .		

22. Өтініш берушіден Т . А . Ә Лауазымы	Ла у а з ы м ы қ о л ы , күні	М О
24. Рұқсаттың ерекше шарттары		

Өнімді Қазақстан Республикасының  
кеден аумағынан тыс жерде қайта  
өңдеуге рұқсат беру ережесіне  
2-қосымша

## Өнімді Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге РҰҚСАТ БЕРУГЕ ӨТІНІШ

1. РҰҚСАТ №					
2. Өтініш беруші, оның заңды (іс жүзіндегі) мекен-жайы, телефоны					
3. Қайта өңдеуші, оның заңды (іс жүзіндегі) мекен-жайы, телефоны					
4. Баратын елі					
5. Қолданылу мерзімі					
6. Қайта өңдеу сипаты					
7. Кеден органы					
8. Өнімнің атауы және тауардың толық сипаттамасы	9. Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды	10. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды	11. Өлшем бірлігі	12. Саны	13. Жалпы құны (мың)
14. Қайта өңдеу өнімдерінің атауы және тауардың толық сипаттамасы	15. Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды	16. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды	17. Өлшем бірлігі	18. Саны	19. Жалпы құны (мың)
20. Рұқсат сұрау үшін негіз (қайта өңдеу шартының нөмірі және күні)			21. Келісілді		
22. Өтініш берушіден Т . А . Ә Ла у а з ы м ы қ о л ы , М О күні			23. Уәкілетті орган Өтініш 200 ж. " "		
24. Рұқсаттың ерекше шарттары					

Өнімді Қазақстан Республикасының  
аумағынан тыс жерде қайта

**Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта  
өңдеуге рұқсат алуға арналған құжат туралы  
мәліметтер нысаны**

Ескерту. Ереже 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.04.2013 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Егер қызмет мәні ішкі нарықта өндіру, сату (өткізу) немесе пайдалану лицензия негізінде жүзеге асырылатын өнім болып табылса, қызметтің белгілі бір түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия:

- 1) лицензияның атауы \_\_\_\_\_;
- 2) лицензияның нөмірі \_\_\_\_\_;
- 3) лицензияны беру күні (жылы/күні/айы) \_\_\_\_\_;
- 4) лицензия берген мемлекеттік орган \_\_\_\_\_.